



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

УДҚ 52.528.87.

КӨЛІКТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ САНДЫҚТАУ КЕЗІНДЕ MAP CREATOR ҚОЛДАНУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Уалиакпарова Асем Нұрланқызы,

ualiakparova.asem@mail.ru,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің «Геодезия және картография»
кафедрасының 2 курс студенті, Астана, Казакстан

Мусағалиева Жанбота Ерланқызы

mussagaliyeva.zh@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің «Геодезия және картография»
кафедрасының оқытушысы, Астана, Казакстан

Map Creator- карталарды тікелей редакциялау қызметі арқылы жүргізіледі. Map Creator арқылы біз жолдарды, үй номерлерін және басқа объектілерді өңдей аламыз.

Сіз осы бағдарлама бойынша келесі қызметтерді жүзеге асыра аласыз:

- Жерді немесе жолды өңдеу немесе жаңарту
- Жолға жаңа есім беру
- Маршруттар салу
- Жол салу
- Мейрамхана, мектеп, дүкен немесе басқа да жерлерге есім беру

Сандық әлемдегі дәлдік пен контексті қамтамасыз ету үшін жолдарды, бағыттарды, орындарды және үй нөмірлерін қосуға немесе жаңартуға болады. Фотосуреттер мен жұмыс уақытын көрсететін жерлерді қосыңыз немесе өзгертіңіз. Мекенжайларды қосыңыз немесе жаңартыңыз және олардың нақты орнын анықтаңыз. Жолдарды, велосипед жолдарын және тректерді қосыңыз немесе жаңартыңыз[1].

- Туризм үшін: Туристтер мен жергілікті тұрғындар үшін барлық жерлерде шарлау оңайырақ


- Білім алу үшін: GIS студенттеріне HERE көмегімен жаңа технологияларды үйренуге көмектесу.

- Картаны жасаушы бизнес иелері үшін: Жергілікті бизнеске жаңа келушілерді тарту


- Жергілікті даму үшін: Жолдарды жаңарту және барлық қалалар мен елді картаға орналастыру

- Төтенше жағдайлар мен жеткізу қызметтері үшін: Барлық жерде нақты ақпарат беру үшін

Жұмысты бастау үшін ең алдымен тіркелу қажет (сур. 1). Тіркелгеннен кейін Неге компаниясының рұқсатын күту керек. Неге компаниясы рұқсат бергеннен соң, жұмысты бастай берсеңіз болады.



Сурет 1. Map Creator сайтына тіркелу



Сурет 2. «Іздеу» функциясын орындау


Mapcreator-ға кіргеннен соң өзгерту енгізу үшін келесі қадамдар орындалады:

1. Өзімізге қажетті жерді “Іздеу” арқылы тауып аламыз (сур. 2).
2. Масштабын жақындатып, өзгертуді бастаймыз.
3. Қажетті орынды өзгертіп немесе жаңа атау енгізген соң, Сақтау батырмасын басамыз. Барлық жасалған өңдеу және жаңартулар “Сақтау” батырмасы арқылы сақталып отырады.

Бізге HERE компаниясынан белгі бір жерлерді өзгертуге арнайы тапсырма берілді. Маған берілген аймақ Өзбекстан еліндегі Нишон аумағы. Мен осы аймақтың жолдарын жөндеп, салынбаған жерлеріне жол салуым керек.


Жұмыс барысы:

- “Іздеу” батырмасы арқылы Нишонды тауып аламын (Сур. 3)




Сурет 3. Нишон елді-мекені

- “Жол салу” батырмасы арқылы жөндеуді бастаймыз (Сур. 4).




Сурет 4. “Жол салу” батырмасы

- Жолдарды үстінен басу арқылы “Қисық” жолдарды жөндейміз (Сур. 5).




Сурет 5. “Қисық” жолдарды жөндеу процессі

- Жолдан шығып кеткен артық жолдарды “Delete” арқылы өшіреміз (Сур. 6).



Сурет 6. Қате салынған жолдарды “Delete” арқылы өшіру процессі

- “Менің парақшам” батырмасы арқылы өз жасаған жұмыстарымыздың нәтижесін көре аламыз (Сур. 7). Мен әлем бойынша әзірше №2341 орындамын, менің HERE-ға қосқан барлық өзгерту үлесім 5023, 814км жол салдым.



Сурет 7. Орындалған жұмыстың сандық көрсеткіші

Мен орындаған жұмыстардың нәтижесі:

- Нишон аумағының барлық жолдары жөнделді
- Қосымша жолдар салынды
- Артық жолдар өшірілді

XXI ғасыр Сандық технологиялардың заманы. Бізде қазір мүмкіншіліктер көп. Осы мүмкіндіктерді тиімді пайдалана отыра біз жаңа технологияларды жетік меңгеруіміз қажет. Here Map Creator – солардың бірі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <https://mapcreator.uservoice.com/>